

– «Алматыкітап баспасы» ЖШС;

– ЖК Даулеткалиева Г.К. «Кітап дүкені»;

– «Жәңгір хан» Кітап үйі ЖШС («Атамұра» баспасының дистрибьюторы).

Сонымен қатар кітапхана қоры оқушылар мен ата-аналардың сыйға тартқан кітаптары арқылы да толықтырылады.

Жыл сайын маусым-шілде айларында кітапхана қорын толықтыру мақсатында оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға қажеттілік анықталып, тапсырыстар әзірленеді.

2025–2026 оқу жылында оқушылар мен олардың ата-аналары кітапханаға әртүрлі тақырыптағы 54 дана кітап сыйға тартты.

Оқу жылының соңында белгіленген кестеге сәйкес оқулықтарды қабылдау жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар келесі жұмыстар атқарылды:

- жаңа оқу басылымдарын қабылдау және техникалық өңдеу (2025 жылғы тамыз–қыркүйек);
- оқулықтарды қабылдау және тарату (2025 жылғы мамыр – 2026 жылғы тамыз);
- мұғалімдер мен оқушыларды жаңа оқулықтар және оқу құралдарымен таныстыру (2026 жылғы мамыр–маусым);
- оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын жоспарға сәйкес ұйымдастыру.

Кітапхана қорын толықтыруға жұмсалған қаржы

Көрсеткіш	2021–2022 жылы	Сомасы (теңге)	2022–2023 жылы	Сомасы (теңге)	2023–2025 жылы	оқу	Сомасы (теңге)
Оқулықтар	2673 дана	1 389 578	2839 дана	3 198 490	2627 дана		4 647 950
Пәндік жұмыс дәптерлері	460 дана	288 300	530 дана	578 200	275 дана		695 508
Әдістемелік құралдар, электрондық дискілер	200 дана	20 048	200 дана	305 150	858 дана		586 200
Барлығы	3333 дана	1 697 926	3569 дана	4 081 840	3760 дана		5 929 658

Оқулықтарды қабылдау және тарату белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Барлық оқушылар кітапхана қоры мен алмасу қоры есебінен қажетті оқулықтармен қамтамасыз етілген.

Кітапханада ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық және көркем әдебиеттер, сондай-ақ педагогтерге арналған әдістемелік әдебиеттер қоры бар.

Келіп түскен барлық оқулықтар уақытылы есепке алынып, өңделеді.

Келесі оқу жылында көркем әдебиеттер мен жалпы кітап қорының электрондық каталогын жасау жұмыстарын бастау жоспарлануда.

Жанадан келіп түскен басылымдарды қабылдау және техникалық өңдеу келесі құжаттар негізінде жүргізіледі:

- жүкқұжаттардың көшірмелері сақталатын папка;
- оқулықтарды есепке алу журналы;
- сыйға алынған көркем әдебиеттерді есепке алу журналы;
- сыныптар бойынша оқулықтарды беру дәптері.